

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 2022 жылғы 27 қазандағы № 1095 бұйрығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 4 сәуірдегі № 149 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Қаржы министрінің 04.04.2025 № 149 бұйрығымен.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі № 403 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9756 болып тіркелген) бұйрығына мынадай өзгеріс және толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасында:

бюджет түсімдерінің сыныптамасында:

4 "Трансферттердің түсімдері" санатында:

03 "Облыстық бюджеттеріне, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттеріне берілетін трансферттер" сыныбында:

1 "Облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің басқа облыстық бюджеттермен, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерімен өзара қатынастары" кіші сыныбында:

01 "Облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттеріне әкімшілік-аумақтық бірліктің саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылығына, адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған, жалпы республикалық не халықаралық маңызы бар іс-шаралар өткізілген жағдайларда берілетін трансферттер" ерекшелігінің атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"01 Облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне әкімшілік-аумақтық бірліктің саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылығына, адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар

туындаған, жалпы республикалық не халықаралық маңызы бар іс-шаралар жүргізуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасымен берілетін трансферттер";

бюджет шығыстарының функционалдық сыныптамасында:

04 "Білім беру" функционалдық тобында:

9 "Білім беру саласындағы өзге де қызметтер" функционалдық кіші тобында:

261 "Облыстың білім басқармасы" және 753 "Облыстың адами әлеуетті дамыту басқармасы" бюджеттік бағдарлама әкімшілері бойынша:

мынадай мазмұндағы 125 және 126 бюджеттік бағдарламаларымен толықтырылсын:

"125 Облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерінен берілетін нысаналы трансферттердің есебінен әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарларын жою, әкімшілік-аумақтық бірліктің саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылығына, адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жалпы республикалық немесе халықаралық маңызы бар жағдайларды жою бойынша ағымдағы шығыстарға аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер

126 Облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерінен берілетін нысаналы трансферттердің есебінен әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарларын жою, әкімшілік-аумақтық бірліктің саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылығына, адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жалпы республикалық немесе халықаралық маңызы бар жағдайларды жою бойынша даму шығыстарына аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне берілетін нысаналы даму трансферттері";

06 "Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру" функционалдық тобында:

2 "Әлеуметтік көмек" функционалдық кіші тобында:

451 "Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" бюджеттік бағдарлама әкімшісі бойынша:

мынадай мазмұндағы 027 бюджеттік бағдарламасы мен 015 және 028 бюджеттік кіші бағдарламаларымен толықтырылсын:

"027 Халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі іс-шараларды іске асыру

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен

028 Облыстық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен";

801 "Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" бюджеттік бағдарлама әкімшісі бойынша:

мынадай мазмұндағы 027 бюджеттік бағдарламасы мен 015 және 028 бюджеттік кіші бағдарламаларымен толықтырылсын:

"027 Халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі іс-шараларды іске асыру

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен

028 Облыстық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен";

9 "Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер" функционалдық кіші тобында:

451 "Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" бюджеттік бағдарлама әкімшісі бойынша:

мынадай мазмұндағы 123 және 124 бюджеттік бағдарламаларымен толықтырылсын:

"123 Облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерінен берілетін нысаналы трансферттердің есебінен әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарын жою, әкімшілік-аумақтық бірліктің саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылығына, адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жалпы республикалық немесе халықаралық маңызы бар жағдайларды жою бойынша ағымдағы шығыстарға іс-шаралар өткізу

124 Облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерінен берілетін нысаналы трансферттердің есебінен әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарын жою, әкімшілік-аумақтық бірліктің саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылығына, адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жалпы республикалық немесе халықаралық маңызы бар жағдайларды жою бойынша даму шығыстарына іс-шаралар өткізу";

07 "Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық" функционалдық тобында:

1 "Тұрғын үй шаруашылығы" функционалдық кіші тобында:

307 "Республикалық маңызы бар қаланың, астананың Тұрғын үй басқармасы" бюджеттік бағдарлама әкімшісі бойынша:

мынадай мазмұндағы 025 бюджеттік бағдарламасы мен 011 және 015 бюджеттік кіші бағдарламаларымен толықтырылсын:

"025 Қазақстан Республикасының сейсмоқауіпті өңірлерінде орналасқан тұрғын үйлердің сейсмостұрақтылығын қолдауға бағытталған іс-шаралар

011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен";

458 "Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" бюджеттік бағдарлама әкімшісі бойынша:

083 "Тұрғын үй қарыздарын беру үшін "Қазақстанның Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" АҚ-ны кредиттеу" бюджеттік бағдарламасы бойынша:

мынадай мазмұндағы 020 кіші бағдарламасымен толықтырылсын:

"020 Облыстық бюджеттен берілетін кредиттер есебінен";

491 "Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй қатынастары бөлімі" бюджеттік бағдарлама әкімшісі бойынша:

мынадай мазмұндағы 083 бюджеттік бағдарламасы мен 020 бюджеттік кіші бағдарламасымен толықтырылсын:

"083 Алдын ала және аралық тұрғын үй қарыздарын беру үшін "Отбасы банк" тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" акционерлік қоғамына бюджеттік кредит беру

020 Облыстық бюджеттен берілетін кредиттер есебінен";

мынадай мазмұндағы 012 бюджеттік бағдарламасы және 011, 015 бюджеттік кіші бағдарламалары бар 752 бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен толықтырылсын:

"752 Облыстың қоғамдық даму басқармасы

012 Алдын ала және аралық тұрғын үй қарыздарын беру үшін "Отбасы банк" тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" акционерлік қоғамына бюджеттік кредит беру

011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен";

08 "Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік" функционалдық тобында:

1 "Мәдениет саласындағы қызмет" функционалдық кіші тобында:

467 "Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі" бюджеттік бағдарлама әкімшісі бойынша:

011 "Мәдениет объектілерін дамыту" бюджеттік бағдарламасы бойынша:

мынадай мазмұндағы 055 бюджеттік кіші бағдарламасымен толықтырылсын:

"055 Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін кепілдендірілген трансферт есебінен";

3 "Ақпараттық кеңістік" функционалдық кіші тобында:

310 "Республикалық маңызы бар қаланың, астананың цифрландыру және мемлекеттік қызметтер басқармасы" бюджеттік бағдарлама әкімшісі бойынша:

мынадай мазмұндағы 007 бюджеттік бағдарламасымен толықтырылсын:

"007 Халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету және қауіпсіздік мәселелері жөнінде халықтың мемлекеттік органдармен, коммуналдық кәсіпорындармен және ұйымдармен өзара іс-қимыл жасауын ұйымдастыру жөніндегі қызметтер";

760 "Облыстың мәдениет және спорт басқармасы" бюджеттік бағдарлама әкімшісі бойынша:

мынадай мазмұндағы 015 бюджеттік бағдарламасы мен 011, 015, 049 және 055 бюджеттік кіші бағдарламаларымен толықтырылсын:

"015 Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту

011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен

049 Республикалық бюджеттен мәдениетке, спортқа, туризмге және ақпараттық кеңістікке берілетін субвенциялар есебінен

055 Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін кепілдендірілген трансферт есебінен";

4 "Туризм" функционалдық кіші тобында:

514 "Республикалық маңызы бар қаланың, астананың туризм, сыртқы байланыстар және креативті индустрия басқармасы" бюджеттік бағдарлама әкімшісі бойынша:

мынадай мазмұндағы 074 бюджеттік бағдарламасы мен 011 және 015 бюджеттік кіші бағдарламаларымен толықтырылсын:

"074 Кәсіпкерлік субъектілерінің санитариялық-гигиеналық тораптарды күтіп-ұстауға арналған шығындарының бір бөлігін субсидиялау

011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен";

мынадай мазмұндағы 100, 106, 107, 108, 109, 115, 118, 123, 124, 139, 165, 166 және 167 бюджеттік бағдарламаларымен толықтырылсын:

"100 Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резерві есебінен іс-шаралар өткізу

106 Әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою үшін жергілікті атқарушы органның төтенше резерві есебінен іс-шаралар өткізу

107 Жергілікті атқарушы органның шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізу

108 Бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін және мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалардың, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларды, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу

109 Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен ағымды іс-шаралар өткізу";

115 Жергілікті атқарушы органы резервінің қаражаты есебінен соттардың шешімдері бойынша жергілікті атқарушы органдардың міндеттемелерін орындау

118 Қазақстан Республикасы Үкіметінің табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою кезінде халықтың тіршілігін қамтамасыз етуге арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізу

123 Облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерінен берілетін нысаналы трансферттердің есебінен әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарын жою, әкімшілік-аумақтық бірліктің саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылығына, адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жалпы республикалық немесе халықаралық маңызы бар жағдайларды жою бойынша ағымдағы шығыстарға іс-шаралар өткізу

124 Облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерінен берілетін нысаналы трансферттердің есебінен әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарын жою, әкімшілік-аумақтық бірліктің саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылығына, адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жалпы республикалық немесе халықаралық маңызы бар жағдайларды жою бойынша даму шығыстарына іс-шаралар өткізу

139 Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен дамуға бағытталған іс-шаралар өткізу

165 Қазақстан Республикасы Президентінің бастамаларына арналған резервінің есебінен ағымды іс-шаралар өткізу

166 Қазақстан Республикасы Президентінің бастамаларына арналған резервінің есебінен заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту

167 Қазақстан Республикасы Президентінің бастамаларына арналған резервінің есебінен бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру";

10 "Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары" функционалдық тобында:

3 "Орман шаруашылығы" функционалдық кіші тобында:

254 "Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" бюджеттік бағдарлама әкімшісі бойынша:

104 "Инвестициялық салымдар кезінде балық шаруашылығы субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу" бюджеттік бағдарламасы бойынша:

мынадай мазмұндағы 051 кіші бағдарламасымен толықтырылсын:

"051 Республикалық бюджеттен ауыл, су, орман, балық шаруашылығына, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғауға, жер қатынастарына берілетін субвенциялар есебінен";

4 "Балық шаруашылығы" функционалдық кіші тобында:

254 "Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" бюджеттік бағдарлама әкімшісі бойынша:

034 "Акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы), сондай-ақ асыл тұқымды балық өсіру өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау" бюджеттік бағдарламасы бойынша:

мынадай мазмұндағы 051 кіші бағдарламасымен толықтырылсын:

"051 Республикалық бюджеттен ауыл, су, орман, балық шаруашылығына, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғауға, жер қатынастарына берілетін субвенциялар есебінен";

700 "Облыстың жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы" бюджеттік бағдарлама әкімшісі бойынша:

мынадай мазмұндағы 010 бюджеттік бағдарламасы мен 011, 015 және 051 бюджеттік кіші бағдарламалары толықтырылсын:

"010 Инвестициялық салымдар кезінде балық шаруашылығы субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу

011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен

051 Республикалық бюджеттен ауыл, су, орман, балық шаруашылығына, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғауға, жер қатынастарына берілетін субвенциялар есебінен";

034 "Акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы), сондай-ақ асыл тұқымды балық өсіру өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау" бюджеттік бағдарламасы бойынша:

мынадай мазмұндағы 051 кіші бағдарламасымен толықтырылсын:

"051 Республикалық бюджеттен ауыл, су, орман, балық шаруашылығына, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғауға, жер қатынастарына берілетін субвенциялар есебінен";

742 "Облыстың балық шаруашылығы басқармасы" бюджеттік бағдарлама әкімшісі бойынша:

004 "Инвестициялық салымдар кезінде балық шаруашылығы субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу" және 034 "Акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы), сондай-ақ асыл тұқымды балық өсіру өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау" бюджеттік бағдарламасы бойынша:

мынадай мазмұндағы 051 кіші бағдарламасымен толықтырылсын:

"051 Республикалық бюджеттен ауыл, су, орман, балық шаруашылығына, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғауға, жер қатынастарына берілетін субвенциялар есебінен";

6 "Жер қатынастары" функционалдық кіші тобында:

463 "Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі" бюджеттік бағдарлама әкімшісі бойынша:

мынадай мазмұндағы 123 және 124 бюджеттік бағдарламаларымен толықтырылсын:

"123 Облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерінен берілетін нысаналы трансферттердің есебінен әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарын жою, әкімшілік-аумақтық бірліктің саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылығына, адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жалпы республикалық немесе халықаралық маңызы бар жағдайларды жою бойынша ағымдағы шығыстарға іс-шаралар өткізу

124 Облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерінен берілетін нысаналы трансферттердің есебінен әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарын жою, әкімшілік-аумақтық бірліктің саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылығына, адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жалпы республикалық немесе халықаралық маңызы бар жағдайларды жою бойынша даму шығыстарына іс-шаралар өткізу";

9 "Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау және жер қатынастары саласындағы басқа да қызметтер" функционалдық кіші тобында:

мынадай мазмұндағы мынадай мазмұндағы 031, 033, 034, 035, 056 және 057 бюджеттік бағдарламалары бар 337 бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен толықтырылсын:

"337 Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы

031 Қараусыз қалған және қаңғыбас жануарларды уақытша ұстау

033 Қараусыз қалған және қаңғыбас жануарларды сәйкестендіру

034 Қаңғыбас жануарларды егу және зарарсыздандыру

035 Иелері халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын үй жануарларын сәйкестендіру

056 Үй жануарларына арналған баспаналар, уақытша ұстау пункттерін салу

057 Үй жануарларына арналған баспаналарды, уақытша ұстау пункттерін ұстау";

349 "Республикалық маңызы бар қаланың, астананың ауыл шаруашылығы және ветеринария басқармасы" бюджеттік бағдарлама әкімшісі бойынша:

мынадай мазмұндағы мынадай мазмұндағы 060, 061 және 062 бюджеттік бағдарламаларымен толықтырылсын:

"060 Қараусыз қалған және қаңғыбас жануарларды уақытша ұстау

061 Қараусыз қалған және қаңғыбас жануарларды сәйкестендіру

062 Қаңғыбас жануарларды егу және зарарсыздандыру";

11 "Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі" функционалдық тобында" функционалдық тобында:

9 "Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы өзге де қызметтер" функционалдық кіші тобында:

мынадай мазмұндағы 211 бюджеттік бағдарлама әкімшісімен толықтырылсын :

"211 Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі";

13 "Басқалар" функционалдық тобында:

9 "Басқалар" функционалдық кіші тобында:

809 "Аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй–коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары, құрылыс, сәулет және қала құрылыс бөлімі" бюджеттік бағдарлама әкімшісі бойынша:

039 ""Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарды дамыту" бюджеттік бағдарламасы бойынша:

мынадай мазмұндағы 055 кіші бағдарламасымен толықтырылсын:

"055 Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін кепілдендірілген трансферт есебінен";

15 "Трансферттер" функционалдық тобында:

1 "Трансферттер" функционалдық кіші тобында:

459 "Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі" бюджеттік бағдарлама әкімшісі бойынша:

024 "Заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төменгі тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер" бюджеттік бағдарламасы бойынша:

мынадай мазмұндағы 028 кіші бағдарламасымен толықтырылсын:

"028 Облыстық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен".

2. Күші жойылды – ҚР Қаржы министрінің 04.04.2025 № 150 бұйрығымен.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бюджет заңнамасы департаменті Қазақстан Республикасы заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың көшірмесін мемлекеттік және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін эталондық бақылау банкіне орналастыру және ресми жариялау үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық 2022 жылдың 28 қазаннан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары –
Қаржы министрі

Е. Жамаубаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК